

АҚКК Біліктілік КОМИССИЯСЫ

ШІЛДЕ 2024ж.

САЛЫҚТАР

Бөлінген уақыт: 3 сағат

Бұл емтиханда төрт тапсырма қамтылған, оның әрқайсысы бірнеше бөлімнен тұрады.

- 4 тапсырманың барлығын орындаңыз.
- Тапсырмаларға соған арнап арнайы бөлінген орындарда жауап беріңіз.
- Жақшаның ішінде әр тапсырманың атауынан кейін оның ең жоғары балы келтірілген.
- Уақытты жұмсау бойынша ұсыныс:

1-тапсырма, 25 балл	30 – 36 минут
2-тапсырма, 15 балл	20 – 24 минут
3-тапсырма, 20 балл	30 – 36 минут
4-тапсырма, 40 балл	<u>80 – 84 минут</u>

Уақыттың жиыны: 160 – 180 минут

Қарапайым программаланбайтын калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Емтихандық буклетті емтихандық бөлмеден шығаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Сіз осы емтихандық буклетті тапсыруыңыз қажет.

ЕМТИХАНДЫ БАСТАУҒА РҰҚСАТ АЛМАЙЫНША БҰЛ ПАРАҚТЫ АШПАҢЫЗ.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешбір бөлімін заңнамамен тікелей көзделген жағдайларды санамағанда, АҚКК-ның алдын-ала рұқсатын алмайынша жаңғыртуға, деректерді сақтауға және өңдеуге арналған қандай да бір жүйеде сақтауға немесе электронды немесе механикалық құралдарды, соның ішінде ксерокөшірмелеуді, ақпаратты сақтауға немесе іздеуге арналған қандай да бір құрылғыларға жазуды қолданумен қандай да бір нысанда беруге болмайды. АҚКК-ның рұқсатын алуға арналған сұратуларлы мына мекенжай бойынша жолдап отыру керек: kvalkom@psad.kz

1-ТАПСЫРМА (25 балл)

ҚР компаниясы салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін қолданады, ҚҚС төлеуші болып табылады, импортталған медициналық жабдықты (бұдан әрі - тауар) сатады және медициналық жабдықты жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді (бұдан әрі – қызметтерді) көрсетеді.

1-кестеде Компания ҚЕХС мен бекітілген Есептік саясатқа сәйкес 2024 жылғы табыс пен шығысты есептеген (барлық сомалар ҚҚС есебінсіз) шаруашылық операциялар тізімделген:

1-кесте

1-операция	Сатудан түскен табыс 830 000 мың теңгені құрады: 1) 900 000 мың теңге соманың тауарларын сатудан түскен табыс; 2) Алдыңғы салықтық кезеңде сатылған 50 000 мың теңгенің тауары қайтарылды; 3) Ағымдағы жылы сатылған 20 000 мың теңгенің тауары қайтарылды.
2-операция	Қызмет көрсетуден түскен 200 000 мың теңге соманың табысы, оның ішінде 20 000 мың теңге соманың табысы, онда Орындалған жұмыстар актісінде қызметтердің орындалу күні ағымдағы жылдың 25 желтоқсаны, ал Тапсырыс берушінің қол қою күні 2025 жылғы 8 қаңтар екені көрсетілген.
3-операция	Сатылған тауардың өзіндік құны бойынша 330 000 мың теңге соманың шығыстары, оның ішінде өрт салдарынан есептен шығарылған ТМҚ бойынша 40 000 мың теңге соманың шығыстары, олар бойынша сақтандыру компаниясынан 35 000 мың теңге сомасына залал өтемақысы алынды. ТМҚ бойынша анықтама: 1) жылдың басына қатысты 2 000 мың теңге соманың сальдосы; 2) 350 000 мың теңге сомаға сатып алынды; 3) жылдың соңына қатысты 22 000 мың теңге соманың сальдосы.
4-операция	Табыстар: 1) бағамдық айырмадан түскен 80 000 мың теңге соманың табысы; 2) валюта сатудан түскен 5 000 мың теңге соманың табысы. Шығыстар: 1) бағамдық айырма бойынша 110 000 мың теңге соманың шығысы; 2) валютаны сатып алу бойынша 16 000 мың теңге соманың шығысы.
5-операция	Жылжымайтын мүлікке инвестициялармен операциялардан түскен 120 000 мың теңге соманың табысы, оның ішінде: 1) 1-топтың тұрақты активі (ТА) деп танылған ғимаратты – дүкенді сатудан түскен 106 000 мың теңге соманың табысы, оның сату күніне қатысты баланстық құны 56 000 мың теңгені құрады, ал жылдың басына қатысты ғимарат – дүкен бойынша 1-топтағы ТА-ның құндылық балансы (ТҚБ) 90 000 мың теңгені құрады; 2) № 1 жер учаскесін сатудан түскен 9 000 мың теңге соманың табысы, бастапқы құны 2 000 мың теңге, сату күніне қатысты қайта бағаланған құны 7 000,0 мың теңге; 3) № 1 жер учаскесін сатудан түскен 5 000 мың теңге соманың табысы, бастапқы құны 8 000 мың теңге, сату күніне қатысты қайта бағаланған құны 4 000,0 мың теңге.
6-операция	Активтерді сатудан түскен 28 000 мың теңге соманың табысы, оның ішінде: 1) 10 000 мың теңге соманың орнатылмаған жабдығын сату бойынша, сату күніне қатысты баланстық құны 12 000 мың теңге; 2) Аяқталмаған құрылысты сатудан түскен 18 000 мың теңге соманың табысы, сату күніне қатысты баланстық құны 10 000 мың теңге.
7-операция	ҚР еншілес компаниясының алдыңғы жылдың пайдасынан алынған дивиденділер бойынша 70 000 мың теңге соманың табысы.

8-операция	<p>Жұмыс берушінің шығыстары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жұмыскерлердің 250 000 мың теңге соманың табыстары бойынша, оның ішінде амортизацияға жатпайтын активтердің бастапқы құнына енгізілетін 40 000 мың теңге соманың табыстары бойынша; 2) МӘСҚ-ға 7 500 мың теңге мөлшеріндегі әлеуметтік аударымдар бойынша 8 000 мың теңге төленді, соның ішінде алдыңғы жыл бойынша 800 мың теңге; 3) ӘМСҚ-ға медициналық аударымдар бойынша 6 900 мың теңгені құрады, ал төленгені 6 500 мың теңге төленді; 4) БЖЗҚ-ға жұмыс берушінің 3 000 мың теңге міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) бойынша, ал төленгені 2 600 мың теңге.
9-операция	<p>Сатып алынған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер бойынша 170 000 мың теңге соманың әкімшілік шығыстары, соның ішінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ҚР бейрезиденті ЕАЭО еліндегі өзара байланысқан тараптың құны 10 000 долларды құрайтын инжинирингтік қызметтері (есептеу күніне қатысты бағам бір доллар үшін 452 теңге, ал төлеу күніне қатысты бір доллар үшін 450 теңге) 2) ҚР резиденті – ҚҚС төлеушісінде 10 000 мың теңге соманың кеңсесін жалға алғаны үшін, жалға алушыдан 6 000 мың теңге соманың ЭШФ түсті. 3) ҚР бейрезиденті салық салуда жеңілдігі бар елдегі өзара байланысқан тараптың құны 20 000 долларды құрайтын агенттік қызметтері (алдын-ала төлем күніне қатысты бағам бір доллар үшін 460 теңге, ал есептеу күніне қатысты бір доллар үшін 455 теңге)
10-операция	<p>Екі займның сыйақылары бойынша шығыстар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) «ҚР банкі» АҚ-мен жасасқан кредиттік келісімшарт бойынша жылдық 15%-бен алған 25 000 мың теңге сома үшін Компания ай сайын 312, 5 мың теңге сыйақы төлеп отыруы тиіс, алайда іс-жүзінде 4 050,0 мың теңге аударылды, оның ішінде алдыңғы жылдың желтоқсан айында 300 мың теңге; 2) салық салуда жеңілдігі бар елдегі «SSS» бейрезидентінің 3 айға жылдық 6%-бен алған 50 000 мың теңге соманың қысқамерзімді займы бойынша 750 мың теңге соманың сыйақысы есептеліп төленді. <p>Анықтама: ОК= 960 000 мың теңге; ОМ = 3 750 000 мың теңге; ШК = 4.</p>

Қажет етіледі:

1.1. Әрбір көрсетілген операция бойынша Компанияның бухгалтерлік есепке алуынан **ЖЖТ үшін табыс** деп танылатын және салықтық есепке алуда КТС-ны есептеуге арналған **шегерімдерге** жатқызылатын кірістер мен шығыстардың жиынтық сомаларын **есептеңіз**.

1.1.1. № 1 операция бойынша ЖЖТ үшін тауарларды сатудан түскен табыс.

1.1.2. № 2 операция бойынша ЖЖТ үшін тауарларды сатудан түскен табыс.

1.1.3. № 3 операция бойынша ЖЖТ үшін табыстар және Сатылған тауарлар бойынша шегерімдер.

1.1.4. № 4 операция бойынша ЖЖТ үшін табыстар және шегерімдер.

1.1.5. № 5 операция бойынша ЖЖТ үшін табыстар.

1.1.6. № 6 операция бойынша ЖЖТ үшін құнның өсімінен түскен табыстар.

1.1.7. № 7 операция бойынша ЖЖТ үшін табыс.

1.1.8. № 8 операция бойынша шегерімдер.

1.1.9. № 9 операция бойынша сатып алынған тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бойынша шегерімдер.

1.1.10. № 10 операция бойынша сыйақылар бойынша шегерім.

--

1.2 Компания 2024 жылғы КТС бойынша декларацияда көрсететін КТС-ның есептелген сомасын есептеңіз:

1.2.1. Түзетулерді ескергендегі ЖЖТ.

1.2.2. Шегерімдердің жиыны.

1.2.3. Салық салынатын табысты (ССТ) табыстар мен шегерімдерді түзетуді ескерумен есептеу.

1.2.4. Азауды ескергендегі ССТ.

1.2.5. Есептелген КТС.

2-ТАПСЫРМА (15 балл)

ҚР резидент-кәсіпорын Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде өнім өндіреді және өндірілген дайын өнімді сатады. Өнімді шығару үшін шикізат отандық жеткізушілерден сатып алынады, ал басқа шала фабрикаттар мен қосалқы шикізат импортталады.

Компания салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін қолданады және ҚҚС төлеуші болып табылады. Есептік салық саясатына сәйкес 2024 жылы ҚҚС-ны есепке жатқызудың пропорционалды әдісін қолданады.

Барлық бастапқы құжаттарды (соның ішінде электрондық шот-фактураларды) компания және оның контрагенттері тиісті және уақтылы ресімдеп, тіркеді. Төменде компанияның 2024 жылғы 1-тоқсандағы қаржы-шаруашылық қызметіне қатысты ақпарат берілген. Егер өзгеше көрсетілмесе, ақпарат **ҚҚС есебінің** ұсынылған.

2-кесте

1-операция	2024 жылдың 30 наурызында сатып алушыға (ҚР резиденті) 9 000 000 теңге соманың келісімшарттық құны бойынша өнім жөнелтілді және тиісінше ТКЖ ресімделді. Жеткізу келісімшартының талаптарына сәйкес сатушының өнімді сатып алушыға өз көлігімен жеткізу міндеті қарастырылған. Сатып алушы тауарларды 2024 жылдың 01 сәуірінде бөгде тарапқа беруге арналған жүкқұжатқа қол қойды. ЭШФ кәсіпорын 2024 жылғы 05 сәуірде ресімдеді.
2-операция	Қырғызстанға сомасы 4 600 АҚШ доллардың өнімі экспортқа сатылды. Өнім 2024 жылғы 18 наурыздағы тауарды алуға арналған сенімхат негізінде сатып алушының өкіліне жөнелтілді, тауарды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжат ресімделді. ҚР Мемлекеттік шекарасынан өту кезінде мемлекеттік бақылаудан өту туралы талон 2024 жылғы 19 наурызда ресімделді. Валюта бағамдары – 18 наурыз – 457 теңге/АҚШ доллары, 19 наурыз – 459 теңге/ АҚШ доллары.
3-операция	2024 ж. 05 наурызда қызметкерге негізгі құрал ретінде пайдаланылатын жеңіл автокөлік 2 300 000 теңгеге сатылды. Бұл автокөлік бұрын (2019 жылы) 4 100 000 теңгеге сатып алынған, оның ішінде 12% ҚҚС. Автокөліктің баланстық құны сату күніне қатысты 1 700 000 теңгені құрады.
4-операция	2023 жылғы желтоқсанда тұрақты клиентке тауарларды жеткізу келісімшартына жеңілдік беру шарты енгізілді, оған сәйкес ҚҚС-сыз тауарлардың құны 500 000 теңгеге азайтылды. Компания осы клиентке 2024 жылғы 05 наурызда салық салынатын айналым және одан ҚҚС бойынша теріс мәні бар қосымша шот-фактураны жолдады.
5-операция	2024 жылғы 20 наурызда кәсіпорын жеткізушіден 2020 жылғы қыркүйекте сатып алған тауарлары үшін 2 800 000 теңге (ҚҚС оның ішінде) сомасында төлем жасады, ол бойынша бұрын ҚҚС есептен шығарылған. Сатып алынған тауардың құны 3 800 000 теңгені (оның ішінде ҚҚС) құрады. Келіспеушілік хаттамасына 2024 жылдың 29 ақпанында қол қойылды.
6-операция	2024 жылғы 06 наурызда «ККК» ЖШС-ға қатысу үлесі 10 000 000 теңгеге сатылды, салым құны 8 500 000 теңгені құрады. Сатып алушыдан төлем 2 траншпен түсті - 2024 жылғы 06 наурызда 4 500 000 теңге сомасында, төлемнің қалған бөлігі 2024 жылғы 05 сәуірде аударылды.
7-операция	2024 жылдың 25 ақпанында Қытайдан орап-қаптау материалдары импортталды. Жеткізушінің Инвойсында көрсетілген тауардың құны 8 700 АҚШ долларын құрайды. Қаптама материалының кедендік құны 9 300 АҚШ доллары деңгейінде белгіленді. Кедендік баж мөлшерлемесі – 15%, кедендік алым – 5%. Тауарларға декларацияны ресімдеу күніне қатысты (2024 жылғы 25 ақпан) ҚР Ұлттық Банкінің бағамы - 450 теңге/АҚШ доллары.
8-операция	8 наурызға қарсы әйелдер үшін жалпы сомасы 120 000 теңгеге 10 000 теңге тұратын сыйлықтық сертификаттар сатып алынды. Сертификаттар компания қызметкерлеріне табысталды.

9-операция	2024 жылғы 02 наурызда Қазақстан Республикасында ҚҚС төлеуші болып табылмайтын бельгиялық компанияның 1 Еуро – 502 теңге/еуро нарықтық бағамы бойынша 2 000 еуро соманың дизайнерлік қызметтерінің ақысы ішінара төленді. Қызметтер Бельгия аумағында көрсетілді, 2024 жылғы 15 наурызда осы компаниямен 5 000 еуро соманың көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылды (нарықтық бағам 1 еуро – 495 теңге/еуро), бюджетке ҚҚС 2024 жылғы 31 наурызда төленді (нарықтық бағам 1 еуро – 492 теңге/еуро).
10-операция	29 ақпанда түгендеу кезінде 640 000 теңге соманың дайын өнімінің бүлінуі анықталды. Өнімнің өзіндік құнына ҚҚС-мен сатып алынған тауарлардың құны, 384 000 теңге, өндірістік жұмысшылардың жалақысы 160 000 теңге, Басқа үстеме шығыстар 96 000 теңге кіреді.

Қажет етіледі:

Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

Әр операция бойынша Сізге мыналарды орындау қажет:

2.1 2024 жылдың 1-тоқсанындағы ҚҚС бойынша салықтық декларацияға енгізуге жататын ҚҚС бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу.

Егер операция салықтық міндеттемеге әсер етпесе, жауапта 0 деп көрсетіңіз.

№ 1 операция.

2.1.1 Сату бойынша айналым.

2.1.2 Сату бойынша айналымнан ұсталатын ҚҚС.

№ 2 операция.

2.2.1 Сату бойынша айналым.

2.2.2 Сату бойынша айналымнан ұсталатын ҚҚС.

№ 3 операция.

2.3.1 Сату бойынша айналым.

2.3.2 Сату бойынша айналымнан ұсталатын ҚҚС.

№ 4 операция.

2.4.1 Сату бойынша айналымды түзету.

2.4.2 Сату бойынша айналымнан ұсталатын ҚҚС-ны түзету.

№ 5 операция.

2.5.1 Сату бойынша айналымды түзету.

2.5.2 Сату бойынша айналымнан ұсталатын ҚҚС-ны түзету.

№ 6 операция.

2.6.1 Сату бойынша айналым.

2.6.2 Сату бойынша айналымнан ұсталатын ҚҚС.

№ 7 операция.

2.7.1 Салық салынатын импорттың мөлшері.

2.7.2 Импорт бойынша ҚҚС.

№ 8 операция.

2.8.1 Сату бойынша айналым.

2.8.2 Сату бойынша айналымнан ұсталатын ҚҚС.

№ 9 операция.

2.9 Бейрезидент үшін төленетін ҚҚС сомасын анықтаңыз

- а) 297 000 теңге;
- б) 295 200 теңге;
- в) 295 200 теңге;
- г) 0 теңге.

№ 10 операция.

2.10 Есепке алынатын ҚҚС-ны түзету сомасын анықтаңыз.

- а) 0 теңге;
- б) - 41 143 теңге;
- в) - 76 800 теңге;
- г) - 46 080 теңге.

3-ТАПСЫРМА (20 балл)

1-ОПЕРАЦИЯ

«А» компаниясы салық салудың жалпыға бірдей белгіленген режимін қолданады және ҚҚС төлеуші болып табылады. Қаржылық есептіліктің жыл сайынғы аудитін жүргізуге байланысты «А» компаниясының аудиторларына келісілген рәсімдер шеңберінде компанияның жүргізілген операциялары бойынша салықтық міндеттемелердің есептелуін тексеру міндеті қойылды.

Есептік кезеңде компанияда бухгалтерлік есеп деректері бойынша мынадай операциялар көрсетілген:

Төмендегідей соманың тауарлары сатылды (ҚҚС есептегенде):

- 1 -тоқсан – 23 450 000 теңге;
- 2 -тоқсан – 32 620 000 теңге;
- 3 -тоқсан- 41 560 000 теңге;
- 4 -тоқсан – 27 250 000 теңге;

Есептік кезеңдегі қайтарулар бойынша деректер төмендегідей болды (ҚҚС есептегенде):

- 1 -тоқсан – 425 000 теңге;
- 2 -тоқсан – 210 000 теңге;
- 3 -тоқсан- 120 000 теңге;
- 4 -тоқсан – 15 000 теңге;

«А» компаниясы аудиторларының назарын бұрын баяндалған көрсеткіштерде көрсетілмеген мынадай операциялар да аударды:

Ағымдағы жылдың маусым айында компания сатып алушылардың біріне 3 212 000 теңге көлемінде жеңілдік берді (ҚҚС есептегенде).

Ағымдағы жылдың тамыз айында компания негізгі құралды (компьютерді) өз қызметкеріне сатты. Өткізу құны 150 000 теңгені құрады (ҚҚС есептегенде). Компьютердің баланстық құны сату күніне қатысты 165 000 теңгені құрады. Компьютерді компания 172 000 теңгеге сатып алды (ҚҚС есептегенде).

Тауарды Қазақстан аумағына желтоқсан айында әкелді. Кедендік төлемдер мен баждарды ескере отырып, тауардың кедендік құны 20 000 000 теңгені құрады. Жеткізуші ресімдеген инвойс бойынша құны операцияны мойындау күніне сәйкес келетін ұлттық валюта бағамы бойынша қайта есептегенде 15 000 000 теңгені құрады. Келісімшарт бойынша тауарды иеленуге байланысты тәуекелдер мен пайданың ауысуы 15 желтоқсан күні бойынша белгіленді. Алайда кедендік рәсімдеуді (оның ішінде рәсімдеу кезінде барлық салықтар мен баждарды төлеуді) компания келесі жылдың қаңтарында жүзеге асырды.

Қажет етіледі: Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз. Аралық есептеулер мен жиындарды үтірден кейін екі таңбаға дейін домалақтаңыз.

3.1. Келесі деректерді ұсыныңыз (айналым бойынша деректерді ҚҚС есебінсіз көрсетіңіз):

3.1.1 сату бойынша салық салынатын айналымның түзетуі болып табылатын кем дегенде 3 операцияны атаңыз. Салық салынатын айналымның мөлшерін түзету мөлшерін (ҚҚС есебінсіз) есептеңіз.

3.1.2 импорт кезінде ҚҚС-ны есептеу кезінде қандай құн қолданылатынын көрсетіңіз. Салық салынатын импорт бойынша ҚҚС сомасын есептеу.

3.1.3 өздері бойынша салық салынатын айналым деп тауардың баланстық құны танылатын кем дегенде 2 операцияны атаңыз. Негізгі құралды компания қызметкері сату кезіндегі салық салынатын айналымның мөлшерін анықтаңыз (есептеуді бүтін санға дейін домалақтаңыз).

3.1.4 есепке жатқызылатын ҚҚС сомасы түзетілетін 3-уден кем емес жағдайды (қайтарулар мен жеңілдіктерді қоспағанда) атаңыз. Импорттау кезінде компания ағымдағы жылдың желтоқсанында есепке жатқыза алатын ҚҚС сомасын және осындай соманы есептеудің қысқаша негіздемесін көрсетіңіз.

--

2-ОПЕРАЦИЯ

Ағымдағы жылдың тамыз айында компания негізгі құралды (компьютерді) өз қызметкеріне сатты. Өткізу құны 150 000 теңгені құрады (ҚҚС есептегенде). Компьютердің баланстық құны сату күніне қатысты 165 000 теңгені құрады. Компьютерді компания 172 000 теңгеге сатып алды (ҚҚС есептегенде).

Қызметкердің жалақысы тамыз айында есептеуге 250 000 теңгені құрады. Сондай-ақ, компания қызметкерге ауыр материалдық жағдайына байланысты 150 000 теңге сома мөлшерінде жәрдем көрсетті. Қызметкердің көрсетілген бір ғана жұмыс орны бар.

Қажет етіледі: Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз. Аралық есептеулер мен жиындарды үтірден кейін екі таңбаға дейін домалақтаңыз.

Анықтамалық ақпарат: АЕК -3 692 теңге; АЕА – 80 000 теңге.

3.2. Келесі көрсеткіштерді есептеп, есептеулер бойынша қысқаша түсініктеме беріңіз:

3.2.1 жеке тұлғаның аталған операциядан түскен табысының мөлшерін.

3.2.2 қызметкердің тамыз айындағы салықтық шегерімдерінің сомасын.

3.2.3 қызметкердің ЖТС-ны есептеу кезінде қолданылуы мүмкін табысын түзетудің мөлшері.

4-ТАПСЫРМА (40 балл)

Төменде келтірілген сұрақтардың әрқайсысы бойынша **ең жақсы** жауапты таңдаңыз. **Әр сұраққа тек бір ғана жауап беріңіз. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз.** Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

4.1. Төмендегілердің қайсысы салықтық зерттеу жүргізуге негіздеме болып табылады:

- а) акцизделетін тауарларды, сондай-ақ авиациялық отынды, биоотын мен мазутты бақылау;
- б) салық төлеушіге (салық агентіне) салықтық тексеруді жүргізу туралы хабарламаны берудің мүмкін еместігі;
- в) бақылау-кассалық машиналарды қолдану тәртібінің орындалуын бақылау;
- г) салық төлеушіге (салық агентіне) салықтық тексеруді жүргізу туралы ұйғарымды берудің қажеттігі.

4.2. Салық органдары салық төлеушілерге (салық агенттеріне) төмендегі шараларды орындау арқылы қолдау көрсетеді:

- а) тауарлар айналымының қадағалануын қамтамасыз ету;
- б) орналасқан жеріне байланысыз, салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объект болып табылатын мүлік туралы мәліметтерді жинау;
- в) этил спиртінің өндіретін ұйымдарда этил спирті есепке алуды бақылауды қамтамасыз ету;
- г) көлік құралдарына салынатын салық, жер салығы және жеке тұлғалардың мүлік салығы бойынша салық міндеттемелерінің болуы туралы мәліметтерді ұсыну.

4.3. Егер жеке тұлғаның салық декларацияларында көрсетілген табыстары оның, оның ішінде мүлікті сатып алуға жұмсалған шығыстарына сәйкес келмесе, салық органдары жеке тұлғаларға салықтық бақылауды жүзеге асыру барысында жеке тұлғаның табысын айқындаудың жанама әдісінің мынадай бір немесе бірнеше түрін қолдануға құқылы:

- а) активтердің құнын арттыру әдісі;
- б) сатып алуды құжаттау әдісі;
- в) шығындарды құжаттау әдісі;
- г) міндеттеме мөлшерін азайту әдісі.

4.4. Төмендегідей шарттарға сай келетін субъектілер КТС бойынша аванстық төлемдерді есептемейді және төлемейді:

- а) түзетуді ескере отырып, салық салынатын табыс 325 000 АЕК-дан аспайтын;
- б) табыстың азаюын ескере отырып, салық салынатын табыс 325 000 АЕК-дан аспайтын;
- в) қайтаруды шегергендегі жылдық жиынтық кіріс 325 000 АЕК-дан аспайтын;
- г) түзетуді ескере отырып, жылдық жиынтық табыс 325 000 АЕК-дан аспайтын.

4.5. Субъект төмендегілерге арналған бюджеттік субсидияларды алған кезде жыл қорытындысы бойынша КТС есептеу кезінде 10% мөлшерлемені қолдануға құқылы:

- а) ашық топырақтағы дақылдарды өсіру;
- б) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту;
- в) жеміс-жидек дақылдарының бір жылдық екпелерін отырғызу және өсіру;
- г) өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған реагенттерді экспорттау.

4.6. Жеке тұлғаға салық салу кезінде төмендегілер табыс деп танылады және артынан түзетуге жатады:

- а) он алты жасқа толмаған балаларға арналған балалар лагеріне жолдама құны;
- б) жұмыс берушінің жұмыскерлерді Қазақстан Республикасында тұратын (болатын) жерінен жұмыс орнына дейін және кері қарай жеткізуге байланысты шығыстары;
- в) берілген арнайы киімнің, арнайы аяқ киімнің, дербес қорғану құралдарының құны;
- г) жұмыс берушінің нақты жеке тұлғаларға үлестірілмейтін табысты алуға бағытталған қызметті жүзеге асырумен байланысты емес шығыстары.

4.7. Салық агентінің бір жыл ішінде құны төмендегідей шектердегі мүлікті өтеусіз беруі жеке тұлғаның әлеуметтік қолдауы деп танылады:

- а) 882 АЕК;
- б) 94 АЕК;
- в) 647 АЕК;
- г) 98 АЕК.

4.8 Резидент, ҚҚС төлеуші, бейрезидент компаниядан 16 ақпанда орындалған жұмыстар бойынша 1000 АҚШ доллары көлемінде инвойс алды. Алынған қызметтердің сомасына 20% мөлшерлеме бойынша КТС салуға жатады. КТС резидент компанияның қаражаты есебінен төленеді. Инвойс 20 ақпанда төленді. Ақпандағы валюталардың ақпары мынадай:

- 15.02 - бір доллар үшін 402 теңге;
- 16.02 - бір доллар үшін 405 теңге;
- 19.02 – бір доллар үшін 410 теңге;
- 20.02 – бір доллар үшін 412 теңге;

Аталған операция бойынша бюджетке төлеуге жататын ҚҚС сомасын есептеңіз:

- а) 48 600 теңге;
- б) 48 240 теңге.
- в) 49 440 теңге;
- г) 49 200 теңге.

4.9. Компания бейрезиденттен (қаржылық ұйым емес) 1 000 доллар көлемінде (ағымдағы жылғы 1 желтоқсанда) қарыз алды. Қарыз бойынша сыйақыны қосып есептеу Келісімшартқа сәйкес ай сайын, қарыз сомасының жылдық 10% мөлшерінде жүргізіледі. Сыйақы есептік жылдан кейінгі келесі жылдың ақпан айында төленді. Егер бейрезидент жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген болса және резиденттік сертификаттарын ұсынбаса (есептеуді үтірден кейін 2 цифрға дейін дөңгелектеу арқылы доллармен жүргізу қажет), бейрезидент үшін қандай КТС сомасын төлеуге тиіс:

- а) 20,08 доллар;
- б) 15,43 доллар;
- в) 1,25 доллар.
- г) 1,67 доллар.

Келесі ақпарат 4.10 және 4.11 сұрақтарға жауап беру үшін қажет:

Резидент ЖШС Ресейден 2 000 000 рубльге тауар сатып алды. Шот-фактураны ресейлік жеткізуші 15 наурызда жазып берген. Тауар Ресейдегі қоймадан 16 наурыз күні жөнелтілді. 18 наурызда шекараны қиып өтуі тіркелді, одан кейін 20 наурызда тауар компанияның Қазақстандағы қоймасына жеткізілді. Шарт тауар бойынша тәуекелдер мен пайдалар оны Алматы қаласындағы резидент компанияның қоймасына жеткізу сәтінде ауысады деген шартпен жасалған.

4.10 Импортталған тауарларды есепке қабылдау күні деп қай күн саналады:

- а) 15 наурыз;
- б) 16 наурыз;
- в) 20 наурыз;
- г) 17 наурыз.

4.11 Компания 328.00 нысанын толтырған кезде қандай ҚҚС сомасын көрсетеді? 15 наурызға қатысты рубльдің бағамы = 1 рубль үшін 4,85 теңге, 18 наурызға қатысты = 1 рубль үшін 5,2 теңге, 20 наурыз = 1 рубль үшін 5,1 теңге:

- а) 1 248 000;
- б) 1 164 000;
- в) 1 200 000;
- г) 1 224 000.

Келесі ақпарат 4.12 және 4.13 сұрақтарға жауап беру үшін қажет:

Оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимін қолданатын заңды тұлға (ҚҚС төлеуші емес) жарты жыл ішінде 10 000 000 теңге мөлшерінде табыс алды. Бір қызметкердің орташа айлық табысы 108 000 теңгені, қызметкерлердің орташа тізімдік саны 12 адамды құрайды.

Анықтама: АЕК – 3 692 теңге.

4.12 Субъектінің жартыжылдыққа төленетін кірістері бойынша ҚҚС сомасы қандай:

- а) 120 750 теңге;
- б) 300 000 теңге;
- в) 123 000 теңге;
- г) 150 000 теңге.

4.13 Заңды тұлғаның жарты жылдыққа төленетін табысы бойынша әлеуметтік салықтың сомасы қандай (есептеу кезінде бір қызметкерге орташа айлық жалақы мөлшерін және қызметкерлердің ешқайсысына қосымша қосып есептеулер жүргізілмеді, сондай-ақ олар кезең ішінде толық жұмыс уақытын өтеді деген шартты қабылдау):

- а) 244 944 теңге;
- б) 121 944 теңге;
- в) 44 теңге;
- г) 0 теңге.

4.14 Салық салудың жалпыға бірдей белгіленген режимін қолданатын Компания қызметкерлердің есептелген кірістері және жеке тұлғаларға төленетін өзге де төлемдер бойынша шығыстар бойынша 82 000 000 теңге мөлшерінде шегерімдерді көрсетті. Есептік кезең ішінде компания 4 000 000 теңге көлемінде өкілдік шығыстарға ұшырады. Шегерімге жатқызылатын өкілдік шығыстардың сомасын көрсетіңіз?

- а) 820 000 теңге.
- б) 400 000 теңге.
- в) 40 000 теңге.
- г) 82 000 теңге.

Келесі ақпарат 4.15 және 4.16 сұрақтарға жауап беру үшін қажет:

Компания есепті жылдың қыркүйегінде бейрезиденттің қызметтерін сатып алды, ол оларды шегерімге жатқызды. Көрсетілетін қызметтердің төлеуге жататын құнының сомасы 1 000 долларды құрайды. Бейрезидентке төлем жасалмады. Валюта бағамы:

- акт күніне қатысты бір доллар үшін 470 теңгені құрайды;
- есептік кезеңнің 31 желтоқсанына қатысты бір доллар үшін 472 теңгені құрайды;
- тоқсанды есептілікті тапсыру күніне қатысты бір доллар үшін 475 теңгені құрайды.

Бұл операция бойынша конвенция қолданылмайды, операция бойынша салықтық мөлшерлеме 20%.

4.15 Жағдай бойынша бейрезиденттің табысынан төленетін КТС сомасы қандай?

- а) 118 000 теңге.
- б) 94 400 теңге.
- в) 94 000 теңге.
- г) 95 000 теңге.

4.16 Төлем келесі жылдың сәуір айында жүргізілген деген шартпен бейрезиденттің табысы 101.04 нысаны бойынша есептілікте қалай көрсетілуі тиіс?

- а) келесі есептік кезеңнің 1-тоқсаны.
- б) келесі есептік кезеңнің 2-тоқсаны.
- в) көрсетілген қызметтер сатып алған жылдың 4-тоқсаны.
- г) көрсетілген қызметтер сатып алған жылдың 3-тоқсаны.

4.17. Салық төлеушінің ауданы 0,03 га болатын жер учаскесі бар. Участке жыл басынан бері меншік құқығында болды және 20 қыркүйекте сатылды. Көрсетілген учаске бойынша жер салығының мөлшерлемесі 1 шаршы метр үшін 28,95 теңге. Жер салығының мөлшерлемесін арттыру коэффициентін жергілікті атқарушы органдар 1,5 мөлшерінде белгілеген. Жеке тұлға осы учаске бойынша қанша жер салығын төлеуі керек (есептеу бүтін сандарға дейін дөңгелектенеді):

- а) 8 685 теңге.
- б) 869 теңге.
- в) 977 теңге.
- г) 9 771 теңге.

4.18. Салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін қолданатын ҚР компаниясы алкоголь өнімін көтерме және бөлшек саудада сатады. Бұл жағдайда акциздер бойынша салық есептілігін тапсыру мерзімін көрсетіңіз?

- а) Есептік салықтық кезеңнен кейінгі келесі айдың 15-інен кешіктірмей.
- б) Есептік салықтық кезеңнен кейінгі келесі айдың 20-ынан кешіктірмей.
- в) Есептік салықтық кезеңнен кейінгі келесі екінші айдың 20-ынан кешіктірмей.
- г) Есептік салықтық кезеңнен кейінгі келесі екінші айдың 15-інен кешіктірмей.

4.19. Компания жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті қолданады, 01 қарашада құны 50 000 000 теңге болатын, ай сайынғы амортизациялық аударымдары 500 000 теңге сауда үйін сатып алады. Мүлік сатып алынған жылдағы мүлік салығының сомасын көрсетіңіз:

- а) 173 077 теңге.
- б) 114 808 теңге.
- в) 171 346 теңге.
- г) 115 385 теңге.

4.20. Салық кодексінде белгіленген салық төлеу мерзімі қандай мерзімге ауыстырылуы мүмкін?

- а) 9 айдан аспайтын мерзімге;
- б) 10 айдан аспайтын мерзімге
- в) 6 айдан аспайтын мерзімге;
- г) 12 айдан аспайтын мерзімге.

ЕМТИХАНДЫҚ ТАПСЫРМАНЫҢ СОҢЫ

